

Жарғы

Жоба атауы:	«Мал асыраудың заманауи үлгісі»
Бастамашылар:	Унетаев Нұркен Наятұлы – Байзақ ауданы, Жалғызтөбе ауылдық округінің әкімі; Нахимов Еркін Жұмабекұлы - Байзақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің басшысы; Кенесбек Бекжан Айдарұлы – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Әкімшілік басқармасының басшысы; Алпысбаев Еламан Ғалымжанұлы - Сарыкемер ауылдық округі әкімінің орынбасары; Акмадиев Мейржан Арманұлы – Жамбыл ауданы әкімдігінің ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі КММ сектор меңгерушісі; Канкожаев Нұрғиса Сәрсенбайұлы - Байзақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі.
Жобаның іске асырылу мерзімі	01.01.2022 ж. - 01.01.2024 ж.
Жобаның негіздемесі	<p>1. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бойынша берген тапсырмасы бойынша облыстағы барлық 138 мың аула араланды. Талдау нәтижелері жеке қосалқы шаруашылықтың бір ауласынан орта есеппен табыс айына 25-30 мың теңгені құрайтынын көрсетті. Оған қоса, табысы айына 500 мың теңгені құрайтын жеке қосалқы шаруашылықтар да бар.</p> <p>Жамбыл облысы әкімдігінің ақпаратынша, көбіне-көп жеке қосалқы шаруашылықтар ұйымдастыру мәселелерінің шешілмеуінен жоғары табыс таппайды. Мысалы, орталықтандырылған сатып алулар мен өткізулердің, жем-шөп базасының, қажетті техника мен технологиялардың болмауы, қаражаттың жеткіліксіздігі. Тұрғындардың табысын арттыру мақсатында Жамбыл облысының әкімдігі шаралар кешенін іске асыруды жоспарлап отыр, оның</p>

	<p>ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өсімдік шаруашылығы үшін үйдің жанындағы жер телімдерін тиімді пайдалану. - Үй жанындағы аулаларды мал шаруашылығы үшін тиімді пайдалану. - Үлестік жерлерді тиімді пайдалану. <p>2. Статистика органдарының мәліметіне сәйкес соңғы бес жылдағы мал басының сандарын алып қарасақ, ол жылдан жылға өсуде. Мәселен, Байзақ ауданындағы жеке қосалқы шаруашылықтағы мүйізді ірі қара малды алып қарасақ, 2015 жылы – 22 525 бас болса, 2021 жылы – 23 499 басты құрап отыр, яғни, 104,3%-ға өскен. Ауданның жалпы жер көлемі – 446 385 га. Оның ішінде 162 000 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер болса, оның 99 465 га жайылым жерлер. Елді мекендердің ұлғаюына байланысты олардың маңындағы жайылым жерлер 2015 жылмен салыстырғанда 8,5% (1 521 га) қысқарып отыр (2015 ж. – 19 326 га, 2021 жылы – 17 805 га). Бүгінгі күнге аудан бойынша жетіспейтін жайылым жерлер - 114 799 га.</p> <p>Қазіргі кезде дәл осындай жерлерге еліміздегі малдың 80 пайызы жайылуда. Бұл жағдай ауыл маңындағы жайылымдардың тозуына себеп болып отыр. Тағы бір айта кетер жайт, малы бардың бағатын жері жоқ, ал жері бардың малы жоқ. Осы теңсіздіктерді шешу үшін, ауылдың маңайындағы жерлерді тиімді пайдалану керек.</p>
Жобаның өнімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жерді тозудан сақтау; 2. Жайылым жерді тиімді пайдалану; 3. Жер иеленудің заңға сәйкес бақылауын күшейту; 4. Жетіспейтін жайылым мәселесін шешу; 5. Жол қауіпсіздігін арттыру.
Жобаның SMART мақсаты	<p>Мал асыраудың заманауи үлгісін пайдаланып 2022-2026 жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын арттыру және ауыл тұрғындарының облыс орталығына қоныстануын тоқтату.</p>

<p>Жобаның міндеті</p>	<p>1. Елді мекендердің аумағынан 5 шақырым радиуста орналасқан шаруа қожалықтардың жайылым жерлерін алып, оны ауылдық округтің малдары үшін қоғамдық падаға беру. Осы бағытта:</p> <p><i>1.1. Аудан және облыстық мәслихаттың елді мекендердің шекарасын ұлғайту жөнінде шешімін қабылдау;</i></p> <p><i>1.2. Жергілікті атқарушы орган тарапынан шаруа қожалықтардың шығынын төлеу қажет.</i></p> <p>2. Қорада тұрған малдарды жем-шөппен қамтамасыз ету үшін Гидропоник құрылғысын орнату. Орнатылған құрылғы құнының 80 % дейін субсидиялау мақсатында ереже қабылдау.</p> <p>3. Жеке қосалқы шаруашылықта мал ұстау туралы заң қабылдауға ұсыныс енгізу. Мысалы: бір үйден падаға 5 Ірі қара малдан және 50 ұсақ малдан артық шығармау туралы шектеу қою. Ал, үйде ұстауға шектеу жоқ.</p> <p>4. Бес жылдан жоғары орманмен көмкерілген жерлерді шаруа қожалықтар үшін жайылым ретінде беру (Орман кодексіне өзгеріс енгізу). Нәтижесінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жайылым мәселесі шешіледі; - Өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.
<p>Жоба сәттілігінің критерийлері</p>	<p>Ауыл тұрғындарының жобаны қолдау арқылы тұрмыстық жағдайын арттыру</p>
<p>Стейкхолдерлер</p>	<p>1. Ауыл шаруашылығы министрлігі; 2. Жергілікті атқарушы органдар. 3. АШТӨ тұрғындар</p>
<p>Жобаның шектеулері</p>	<p>1. Қосымша қаражат қажеттілігі (<i>ұңғыма ұрғызу, суару желілерін орнату, қоршау орнату</i>);</p>

	<ol style="list-style-type: none">2. Тексеру жұмыстарына маратории жариялануы;3. Жобаның іске асырылуына көп уақыттың кетуі.
Жоба тәуекелдері	<ol style="list-style-type: none">1. Үкімет тарапынан қолдау таппау;2. АШТӨ наразылығы;3. Су қорының жетіспеушілігі немесе таусылу қаупі;4. Мал басының шамадан тыс көбеюі;5. Табиғи факторлардың әсері.